БҰЛАНДЫ АУДАНЫ

# BULANDY AQPARAT

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

№ 38 (436)
20.09.2024

## Ел ертеңіне қолдау



АЭС құрылысын қолдау жөніндегі аудандық халықтық штабының мүшелері Купчановка ауылындағы медициналық-әлеуметтік орталығы ұжымымен кездесу өткізді. Штаб мүшелері атом электр станциясының құрылысы бойынша референдумға қатысуға және алдағы жылдарда ел тағдырын айқындайтын маңызды шешім қабылдауға шақырды.

«Өңірлердегі энергетикалық жағдай тұрақсыз. Электр энергиясын желіден ажырату мәселесі өткір тұр. Электр станцияларының, қосалқы станциялар мен желілердің ескі жабдықтарының жоғары тозуына байланысты проблемалар да өзекті. Ал электр энергиясын тұтыну жыл сайын өсіп келеді. Бұл өз кезегінде өз АЭС сұранысын да айқындайды» - деп түйіндеді штаб мүшелері.

Атом энергетикасы - Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жасалған үлкен қадам.

**Өзіміздің ақпарат.**



## Будет хлеб – будет и песня!

Уборочная кампания в районе, а также в целом в регионе, идет усиленными темпами. Для того, чтобы благополучно убрать хлеб с полей необходима хорошая, ясная погода. Сентябрь месяц радует сухой, солнечной погодой, что позволяет аграриям работать в полную силу, ведь уборка зерновых культур является одним из важнейших моментов в жизненном цикле сельскохозяйственных культур. Она требует точного планирования, организации и тщательного контроля со стороны сельхозпроизводителей. Надлежащая уборка позволяет не только обеспечить достаточное количество собранного урожая, но и сохранить его качество для последующей переработки и реализации.






Как проходит главная сельскохозяйственная кампания осени в областном масштабе рассказал на брифинге для журналистов руководитель управления сельского хозяйства и земельных отношений Акмолинской области Кенеш Алимжанов. По словам главного государственного куратора сельского хозяйства в регионе на сегодня работы проведены на площади порядка 2 млн. га. На сегодня перед агропромышленным комплексом региона стоит важная задача – на высоком организационном уровне провести уборочную кампанию.

В текущем году уборка урожая проводится на площади 5,4 млн. га. На зерновые и зернобобовые культуры приходится 4,7 млн. га, масличные – 268,6 тыс. га, кормовые – 421 тыс. га, картофель и овощи – 7,8 и 1,4 тыс. га, соответственно.

Как гласит народная мудрость, не тот хлеб, что на полях, а тот, что в закромах, поэтому, помимо сбора урожая, важно обеспечить первичную обработку и последующую сохранность зерна. Так, как было отмечено Кенешем Алимжановым, в приемке урожая задействованы 66 хлебоприемных предприятий с общей вместимостью 4,3 млн. тонн. Кроме этого, сельхозпроизводители располагают зернохранилищами на 2,8 млн. тонн. Таким образом, общая емкость для хранения зерна составляет 7,2 млн. тонн, что полностью обеспечивает сохранность произведенного урожая в регионе.

В связи с обильными осадками зерно на элеваторы поступает с большим количеством влажности. Хлебоприемные пункты работают в круглосуточном режиме для сохранности и сушки зерна.

В текущем году значительно увеличены объемы льготного кредитования весенне-полевых и уборочных работ.

В целом, на поддержку агропромышленного комплекса Акмолинской области выделены значительные средства.

Шум моторов комбайнов, пыльная оживленная нива в лучах яркого солнца, автомашины, наполненные жемчужным зерном – на полях, где сегодня полным ходом идет уборка зерновых, такая приятная картина. Ведь нет, поистине, лучшего пейзажа, чем раскинутое до горизонта поле, засеянное зерном, взросшее на бескрайних просторах, впитав в себя энергию, силу солнца и ветров, теплоту и заботу рук благородных хлеборобов. Золотой колос – хозяин полей. Он – главное достояние страны, ведь как в народе говорят – будет хлеб, будет и песня.

Руководитель районного отдела предпринимательства и сельского хозяйства Азамат Кабдулов в эти напряженные дни держит руку «на пульсе», ведь очень важно завершить агротехнические мероприятия аграриями района в срок: качественно, планово, без потерь и убытков. На полевом стане встретились с директором ТОО «СХП Новобратское» Владимиром Кужлевым и бригадиром ТОО «Партизанское -1» Виктором Ротарь. Пожелал успехов в уборке и поинтересовался темпами. В ТОО «СХП Новобратское» средняя урожайность на сегодня составляет 20+/- ц/га, влажность – 18 процентов. На сегодняшний день, при усиленных темпах, убрано 40 процентов урожая. Хороший темп уборки и в ТОО «Партизанское-1», техникой, топливом и людьми обеспечены. Главное, чтобы благоволила погода, как отметили аграрии во время беседы.

Хлеборобы максимально используют каждый погожий час, чтобы вовремя и без потерь убрать урожай. Параллельно проводятся агромероприятия по созданию надежного фундамента урожая будущего года. Ведь специфика сельского хозяйства в том, что здесь каждый этап - ответственный и определяющий.

Нам остается только пожелать успешного завершения уборки и, несомненно, хорошей погоды. И здесь тоже не без народной мудрости: «Жұмыс ауыр болса да, нан тәтті» - «Трудна работа, да сладок хлеб».

**А. АМАНЖОЛОВА.**





## Ел болашағын айқындайтын қадам

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың АЭС салу мәселесі бойынша жалпыұлттық референдум тағайындау туралы мәлімдемесінен кейін Қазақстанда белсенді дайындық жүріп жатыр. Түбегейлі өзгерістер жүргізудің осы жағдайларында біз Әділетті Қазақстанды құруда жаңа деңгейге көшеміз. Демек, алдағы референдум осы процестің негізгі бөлігі болуға арналған.

Осылайша, Жаңа Қазақстанның дұрыс таңдауы және құру бағытындағы қозғалыс 2024 жылдың 6 қазанында ашылады. Енді біз бәріміз осы процестерге қатысамыз. Сайып келгенде, референдумның қорытындылары халықтың мүдделерін іске асыру құралы болады және Қазақстан мемлекетінің одан әрі үдемелі дамуына жәрдемдесуге шақырылатын болады.

Біз Қазақстанның жарқын болашағы үшін, атом электр станциясын салуды қолдаймыз.

**Ш. ҚҰСАЙЫНОВ, Бұланды аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы.**

* * *

## Укрепление нашего курса

Недавно Президент в своем Послании четко определил дату референдума – 6 октября. Конечно, народ сделает свой выбор. Но если говорить по существу, то дефицит электроэнергии действительно велик. В будущем эта проблема станет еще острей. Все мы помним случаи, когда сбои в работе АЭС приводили к трагическим последствиям. Однако, с тех времен прошло много времени, а подобных примеров мы уже не наблюдаем. При этом новые АЭС продолжают строить в развитых стран. Я думаю, что новые технологии позволят избежать негативного влияния на природу и человека. Как можно считать это вредным? Если убрать все так называемые «вредные» источники энергии, то мы останемся в кромешной тьме. Другие страны развиваются, как, например, Япония, где, насколько я знаю, больше 10 атомных электростанций. Почему бы Казахстану не построить хотя бы одну или две? Ведь цены на электричество растут.

Уверена, всенародное голосование станет яркой демонстрацией народного волеизъявления. Референдум позволит каждому гражданину принять непосредственное участие в решении судьбы страны и укрепит наш курс на всестороннюю демократизацию и построение Нового Казахстана.

**Б. ТУРТАНОВА, председатель Совета ветеранов Буландынского района.**

## Разъяснение и поддержка



Агитационная работа по строительству атомной электростанции должна проводиться повсеместно – такая задача на сегодня поставлена перед членами районного штаба в поддержку АЭС. С агитационной миссией посетили Караозекский сельский округ, встретились с жителями.

Выступила перед земляками, разъясняя важность строительства станции для будущих перспектив. Ведь АЭС – это шаг к реализации главной задачи: обеспечению энергетического суверенитета страны. Наследие будущим поколениям в виде энергетически независимого, экономически стабильного и развитого Казахстана.

**К. МЕНДЫБАЕВА, депутат Акмолинского областного маслихата, член Народного штаба за строительство АЭС.**

# Тіл – ең асыл құндылық

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні. Ұлттың ұлт ретінде сақталуы тіліне байланысты. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш





уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады»-деген болатын. Осы орайда ана тіліміздің абыройын асқақтатып, тіл құндылығын өскелең ұрпақтың бойына сіңіруде тілдер мерекесінің маңызы зор. Өйткені, осы бір тілдер мерекесінде айтулы шаралар ұйымдастырылып, тіл жанашырларының еңбектері еленіп, болашаққа жоспарлар құрылады. Жалпы 1989 жылы 22 қыркүйекте «Тіл туралы» заң қабылданды. Ал, тілдер мерекесі 1998 жылдан бастап атап өтіліп, 22 қыркүйек Қазақстан халқы тілдері күні болып жарияланған болатын. Алайда, 2017 жылы Үкімет қаулысымен Тілдер күні 5 қыркүйекке ауыстырылды. Себебі, 5 қыркүйек – ұлт ұстазы, Алаш зиялысы, тіл үшін басын бәйгеге тіккен Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Айтулы мерекеге орай «Тілдерді оқыту орталығының» ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты шара болып өтті. Аудан әкімінің орынбасары Кенжебике Негметжанқызы Исмағамбетова, аудандық мәслихат төрағасы Нұрбек Балтабекұлы Сексенов, облыстық мәслихат депутаты Клара Тұңғышқызы Меңдібаева, тіл жанашырлары, тілдерді оқыту орталығының тыңдаушылары және мектеп оқушылары қатысты. Құттықтау сөз сөйлеген Кенжебике Негметжанқызы көпшілікті тілдер мерекесімен құттықтай келе тіл жанашырларын аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапаттады. Олар: Бектас Теміргалиұлы Қожақанов, Айгүл Егізбайқызы Аманжолова, Надежда Николаевна Ларионова және Елеш Хабылхан. Бектас Теміргалиұлы - ұзақ жыл тіл саласында еңбек етті, әлі күнге дейін тіл үшін тер төгіп жүрген жандардың бірі. Айгүл Егізбайқызы - газет беттерінде тіл туралы, қазақша қате жазылған жарнамал жайлы өзекті мақалар жазып жүрген тіл жанашыры. Надежда Николаевна



- өзге ұлт өкілі болса да, өзі басқарып отырған ұжымын қазақ тілін үйренуге ертіп келіп, өзі де белсене оқуда. Сондай-ақ қазақтың нақыл сөздерін жаттап, мақалдап сөйлеп, қазақша ән шырқайды. Қазақ тіліне, қазақтың салт-дәстүріне деген құрметі ерекше. Елеш Хабылхан - айтыскер ақын, «Жас қауырсын» ақындар үйірмесінің жетекшісі. Елеш Хабылханның ана тіліміздің өркендеуіне қосып жүрген үлесі ерен.

Шара барысында сөз алған аудандық мәслихат төрағасы Нұрбек Балтабекұлы тіл туралы өз ойын ортаға салып, көпшілікті мерекелерімен құттықтап, орталық қызметкерлері мен мемлекеттік тілді үйреніп жүрген үздік тыңдаушыларға Алғыс хаттар табыс етті. Сонымен қатар, «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты аудандық эссе байқауының жеңімпаздары марапатталды. «Тілдерді оқыту орталығы» өзге ұлт өкілдері арасында қазақша эссе байқауын ұйымдастырған болатын. Байқаудың шарты бойынша жас ерекшеліктеріне шектеу қойылмады, эссе тек қолмен қазақ тілінде тақырыпқа сай жазылуы керек болды. Байқауға 20-дан астам туынды келіп түсті. Қазылар алқасының шешімі бойынша Никольск ауылынан қатысқан Дудкина Елизавета 3-орын, қаламыздағы №2 орта мектебінің оқушысы Бульда Мария 2-орынды иеленді. Ал, жүлделі 1-орын қала тұрғыны Целоева Зарема Магомедовнаға бұйырды. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды. 1-орын алған Зарема Магомедовна көпшілік алдында қазақ тілінде жазған өз туындысын оқып берді. «...5 қыкүйек - қазақтың ұлы ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келді. 2017 жылдан бері біз тілдер күнін осы уақытта атап өтеміз.

...Тәуелсіздік алғалы бері біздің мемлекеттік тіліміз гүлденіп, жандана түсуде... [sic] 

Тілдер мерекесіне арналған шараның одан ары көркін қыздырған «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты жас ақындар мүшәйрасы болды. Қолдарына қалам алып, балғын жүректерімен тілді жырға қосқан жас ақындар, жалынды өлеңдерін оқыды. Қазылар алқасының шешімі бойынша Қызырбек Ләззат 3-орын иегері атанса, 2-орынды жас ақын Асылбек Ибрагим иеленді. 1-жүлделі орын Қызырбек Сырымға бұйырды. Жеңімпаздар дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жас өнерпаздар қара домбыраларын күмбірлетіп, мерекелі шараның шырайын кіргізді. Шара соңында «Тіл деген алып мұхит, түбі терең» сайыс сабағы өтті. Қатысушылар мәнерлеп өлең оқып, сұрақтарға жауап беріп, сыйлықтармен марапатталды.

**Ж. ЗАНДЫБАЙ.**



# Шежіре дегеніміз не?

Шежіре (арабша шаджарад бұтақ, тармақ)–халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы деп ғалымдар анықтаған. Сабит Мұқанов анықтамасы бойынша шежіре деп кімдерден кімдер туып қалай өрбігенін баяндайтын ерте заманнан атадан балаға мирас болып келе жатқан ауызша деректерді айтады. Шежіре шын мәнінде рудың, тайпаның қалың тарихының құрамды бөлігі. Дәлмедәл жазылған ата-баба шежіресі, тарихы арқылы сол қоғамға баға беретін мүмкіндік туады. Тарихи ата салты бар ел, халықтар жеке отбасының әулеттің атақты қолбасшының, мемлекет қайраткерлердің шежіресін жасауды әдетке айналдырған. «Әке баласы үшін қандай жауапты болса әр халық өз тарихының алдында сондай жауапты» - деп Әбу Насыр Әл Фараби айтқан. Алаш Орда ұлттық территориялық үкіметі басшысы Әлихан Бөкейхан былай деген екен: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел. Қайда жүріп, қайда тұрғанын, не істеп, не қойғандығын да білмейді». Келешекте басына қандай күн туатынан да көзі жетпейді. Тарих не айтады десеңіз? Біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі, олардың дүниеде не істеп, не бітіргендігі, қандай қуаты барлығы, ол қуаты не орынға жұмсағандығы, істеп жүрген ісінің қайсысынан пайда, қайсысынан зиян көргендігі, бұрынғы бабаларымыздың дос-дұшпаны кім екендігі, не себептен бағы тайғандығы және соған ұқсас істердің барлығын тарих түсіндіріп тұрады.

Бұл әрбір адамға керек, осы шежіре арқылы сен өзіңді басы байлаулы сауда малы сияқты бір елден бір елге сатылып келген құл емес екеніңді дәлелдей аласың. Сен далада иә, болмаса көшеде қалған әке шешесі, ата-бабасы белгісіз тұлдыр жетім, тастанды жетім бала емес екеніңді дәлелдей аласың. «Жеті ата» деп қазақ қайта-қайта неге айта береді десеңіз онда үлкен сыр бар. Шежіре арқылы оның тегі, ата қонысы, қауымға қосқан үлесі, отан қорғаудағы орны тағы басқа болмысы толық анықталады.

Шежіренің қоғамдағы орны ерекше. Шежірені оқып отырып тарихымыздың ата тарих екенін, ықылым заманнан жалғасып келе жатқанын білеміз. Бізде осы 7 ата тарихын жалғастырушы бір буын екенімізді түсінеміз. Біздің бар арман тілегіміз ұрпағымызды үзіп алмау. Тексті, мықты ел үшін ұрпақ өсіріп тәрбиелеу ата тарих алдындағы ұлы да үлкен жауапкершілігіміз. Қазақ өмір бойы өзін өзі іздейді, ата-бабасын іздейді, жоғын жоқтайды, өшіп кеткен кешегі күнін жоқтайды. Міне, осы өмір бойы іздеп, қуалап жүргеннің нәтижесінде «қойнындағы келіншегінің тегін жақсы тектей келе «қарын бөлен» болып шығады» деп қалжыңға басады. Қазақ қонақжай, туысшыл, жанашыр халық. Иен далада кездескен екі жолаушы бірінің тегін бірі қазып ақыры «туыс болып шықтық» деп барып бірақ тоқтайды. Міне шежіре оның жоғын тауып береді. Сайып келгенде тегімізді білу біз үшін бұлжытпайтын заңдылық, мойнымыздағы парыз.

Ағайындар арасының береке бірлігін нығайту үшін ағайынның баласын бірінен алып біріне беру арқылы жіпсіз байлап келген. Ағайындар үшін бұл көп мәселе бола бермейді. Ал, қиыны баланы күйеуге кеткен қызға, немесе нағашысына асырату. Ол баланы берер кезде Алла алдына барғанша сұрамаймын деп серт береді де, ол баланың әке-шешесі, ата тегін жасырып қалады. Бірақ Алладан көкте де, жерде де еш нәрсе жасырын емес. Алла алдында дегенді ақтық сапарға шығарып, жаназа намазына шымбайлы әкесінің атынан шығару арқылы бұл түйінді шешіп келген деп ойлаймыз. Менде діни терең білім жоқ сол себепті бұл жерде қандай да бір уәж айта алмаймын. Құрметті оқырман қауым «білгеннен білмегенің көп» дегендей өз тарихыңа азда болса себеп бола ма деп түйіндедім.

**Б. БҮТКЕЙҰЛЫ, саясаткер, қоғам қайраткері.**

# Туған тілім – тірлігімнің айнасы

Адамзаттың қолындағы барша зат тозып, жоғалатыны сөзсіз. Бірақ мәңгі жасайтын, өлмейтін ең қымбат бір мұра бар, ол – тіл.



Тіл – қандай да ұлттың болмасын баға жетпес қазынасы, мақтанышы, тұрмысының, тіршілігінің, бар болмысының айғағы. Ол барша жұртшылықтың қастерлі, құдіретті, қасиетті құралы. Санасы биік әр азаматтың асыл борышы – өзінің тілін көзінің қарашығындай сақтап, оның тұғырының биік, мәртебесінің жоғары болуына атсалысу. Тілге деген шексіз құрмет, адал қызмет – патриоттықтың ең биік көрінісі.

Халықтың бақытты да бақуатты өмір сүріп, тәуелсіздік көрінісінің айқын әрі мықты болуы үшін тілдің мерейін өсіруден жалықпау керек. Сол себепті де тәуелсіз елімізде қоңыр күз мерейлі тілдер мерекесімен басталады.

Тілдер апталығы ауданымыздың «Тілдерді оқыту орталығында» «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» атты ашық сабақпен басталды. Шараға қатысқан тыңдаушылар құттықтау сөздерін айтып, өлеңдерін оқып, танымдық сабақ бойынша ойларын ортаға салды. Сондай-ақ тақырып төңірегінде қызықты ойындар мен шығармашылық жұмыстар да жүргізілді.

**А. ӘСЕЛ, «Тілдерді оқыту орталығы» КММ оқытушысы.**

## Өлең өлкесінде

***Туған жер еске түскенде***

Жұртың жатыр қаңырап туған жерім,
Су сепкендей бүгінде шерлі көңілім.
Асық атып, шаңдағын борандатқан,
Сағынамын ауылымның күрең белін.

Балалық шақ ойласам қайғырамын,
Көріп өстім әжелердің құрт жайғанын.
Малтасының дәмі бал тіл үйірер,
Таңдайыңа жағатын саумалдайын.

Таң сәріде әтеші шақырғанда,
Көрпе қымтап іргесін жамылғанда.
Түс көруші ем бәрінен озып шыққан,
Жалаңаяқ жүгіріп жарысқанда.

Тай үйретіп жабағы еліктіріп,
Шапқылаушы ем ер салмай жайдақ мініп.
Сайға қарай құлдырап баратынбыз,
Шығу үшін өзенге бір шомылып.

Түбінде отырушы ек аппақ қайың,
Сүйдім деп сүйген досың сыбырлайтын.
Бүгінде сол қайыңның орны да жоқ,
Заман болды ой-санаң тыншымайтын.

Қалайда ескі жұртқа бара қалсаң,
Көресің қотаныңды жусан басқан.
Кешегі асық атқан шаңдақ жол жоқ,
Естілмейді құстың даусы орман жақтан.

Екі зират ауылымның елшісіндей,
Бабалардан бізге қалған еншісіндей.
Дұға етіп басына барған дұрыс,
Аруақтарды батасыз еш жүдетпей.

***Ақ бұлақ***

Іргесінде ауылдың,
Сарқырайды ақбұлақ.
Бұйра көбік шапшиды,
Буырқана ағындап.

Жағасында бұлақтың,
Жай қалады мың құрақ.
Қандырып құрышын құлақтың,
Күй шертеді сыңғырлап.

Суың мөлдір ақбұлақ,
Емін- еркін ағасың.
Алыс жерге шапқылап,
Елдің көңілін табасың.

Құм баспасын арнаңды,
Көзің ашық болғайда.
Сусындатып маңыңды,
Жағаң суға толғайда.

**Е. ҚАРАТАЙҰЛЫ, зейнеткер.**

# УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ БУЛАНДЫНСКОГО РАЙОНА

## Сельская школа powered by NIS: создавая лучшие условия для знаний и роста

«Сельская школа powered by NIS» - это название уникальной по своей концепции программы, которая призвана улучшить качество образования в селах. И, наверное, немногие в районе знают, что школа-гимназия г. Макинска, четыре года назад, вошла в четверку первых школ в стране, где был реализован данный колоссальный проект.

В рамках программы первые 4 сельские школы значительно преобразились, появились современные кабинеты, оборудованные инновационными технологиями и учебными материалами. Педагоги и сотрудники школ прошли переподготовку по программам НИШ. Инициаторы проекта – АО «Aitas KZ» в лице Фонда устойчивого развития сельских территорий и АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы».

АО «Aitas KZ» – вертикально интегрированный холдинг, в состав которого входят предприятия в области растениеводства, производства и переработки мяса птицы, дистрибуции, в том числе Макинская и Усть-Каменогорская птицефабрики с брендом «Кус&Вкус». За годы существования компания стала лидером в области производства, переработки и дистрибуции мяса птицы, одним из лидеров в аграрном секторе Казахстана. Работая на рост экономики страны, группа компаний задалась вопросом: в чем наше предназначение и миссия? Было проведено много обсуждений, прежде чем пришла к миссии: устойчивое развитие страны через развитие сельских территорий. Для этого отдельно от производственных компаний были созданы фонды в сельских регионах. Ведь не секрет, что в последние годы наблюдается большой отток населения из сёл. А ведь казахстанские села – это золотая колыбель, если у сел не будет будущего развития, это негативно повлияет на многие аспекты развития страны в целом. Село – должно быть прочным фундаментов для формирования личности и сельчане имеют право на комфортную жизнь, на современные стандарты жизни, на хорошее и качественное образование. Не должно быть стен и барьеров, которые будут разделять сельского ученика и городского. Ведь ребенок из сельской глубинки может быть умным и способным, но, ввиду отсутствия условия для получения хороших знаний, не сможет развить свой потенциал. Группа компаний начала проводить аналитическую работу и поняла, что для повышения уровня жизни в селах нужно улучшать качество медицины, поддерживать предпринимательство, создавать социальные условия. И в первую очередь работать над повышением качества образования в сельских школах.

Команда Фондов устойчивого развития ездила в отдаленные села, изучала состояние местных школ, выявляла слабые места образования. В стране около 75% школ являются сельскими, при этом качество образования и оснащенность таких школ учебным оборудованием заметно отставали от городских учебных заведений.

В то же время компанию заинтересовала работа НИШ, которые активно транслировали свой опыт в общеобразовательные школы страны. Стороны начали сотрудничать, и в июле 2020 года АО «Aitas KZ» и АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» подписали меморандум о сотрудничестве. Программа «Сельская школа powered by NIS» была запущена!

На сегодняшний день можно с гордостью рассказать о результатах работы за несколько лет. В Макинской школе-гимназии обновлены 15 кабинетов. В целом, модернизация школы происходила в несколько этапов:

I этап: Обновлены кабинеты творческого развития (2020 год);

II этап: Кабинеты естественно-математического направления (2021 год);

III этап: Начальные классы (2022 год);

IV этап: Специализированные и универсальные кабинеты (2023 год).

В 2023-2024 гг. в школе производится капитальный ремонт согласно проектно-сметной документации (ПСД), разработанной Фондом устойчивого развития сельских территорий.

Была проведена обучающая программа от партнера проекта АОО НИШ.

В школе-гимназии г. Макинска было проведено 183 наблюдения уроков с предоставлением обратной связи и выработкой методических рекомендаций по улучшению школьной практики учителей. Проведены 162 мероприятия, включая семинары, мастер-классы, вебинары и т.д.

Результаты проекта

За период реализации в школах участвующих в проекте наблюдается рост показателей качества образования на 10-13%

Наблюдается значительное увеличение количества детей, занимающих призовые места на региональных и республиканских олимпиадах, с 80% до 120%. Кроме того, отмечается значительный рост числа учащихся, которые увлекаются проектными работами. Повышается уровень педагогического состава, показателем которого является, увеличение количества учителей имеющих статус педагога-мастера.

**А. АМАНЖОЛОВА.**



В настоящее время остро стоит вопрос о сокращении социально-культурных объектов в сельской местности. Быстрыми темпами идет процесс сокращения численности сельских школ, их реорганизации, укрупнения. Закрытие малочисленных школ губительно для районного и сельского образования, ибо в большинстве регионов страны большая часть школ, расположенных на селе, становятся малочисленными.

Еще четверть века назад сельская школа имела огромный авторитет, и именно на нее возлагалась миссия по воспитанию грамотных, компетентных людей, которые развивают села, без которых невозможно представить не одно развитое государство.

Сегодня можно констатировать, что опыт предыдущих лет практически забыт, а образование на селе переживает глубоко кризисный период. Эти обстоятельства дали основной толчок очередному витку миграции сельского населения в большие города.

Проанализировав текущую ситуацию, Фонд устойчивого развития сельских территорий сконцентрировались на проекте «Сельская школа powered by NIS». Задачи были поставлены четкие, и в результате мы видим преобразившуюся школу с огромным потенциалом для обучения и воспитания подрастающего поколения в ключе развития высоких цифровых технологий и совершенствования современных стандартов образования.

Данная инициатива будет продолжаться у нас в планах произвести капитальный ремонт в оставшихся школах г. Макинска.

Уверенность в успехе проектов в социальном развитии не вызывает сомнений!

**Данияр Нурпеисов, руководитель Фонда устойчивого развития сельских территорий по Буландынскому району.**

108 млн тенге – вложений с 2019 по 2023 годы, до конца 2024 года планируется выделить еще около 30 млн тенге.

**РЕАЛИЗОВАННЫЕ ПРОЕКТЫ**

Развитие потенциала опорных школ в сельской местности

Цель: сокращение разрыва в качестве образования между городом и сельской местностью. Основными направлениями работы являются передача современных технологий преподавания от партнёра АОО НИШ и обновление материальной базы сельских школ.

Второй проект по социальной среде - школа-лицей имени Балуана Шолака г. Макинск

Всего обновлено 33 кабинета предметной направленности и дополнительных навыков

В рамках реализации проекта были охвачены более 577 учащихся

Для 51 учителя-предметника проведены обучающие мероприятия

Сумма спонсорской помощи: 250 млн тг.

**Акмолинская область**

Школа-лицей им. Балуана Шолака г. Макинск

Школа им. Досова с. Катарколь

Школа им. Иманжусупа Кутпанулы с. Жибек жолы

Школа № 3 п. Шортанды

Школа № 3 им. Жайыка Бектурова г. Акколь

Школа №1 с. Астраханка

Школа-гимназия им. Малика Габдуллина с. Зеренда

Школа №2 им. Абая» г. Степняк

Всего обновлено 165 кабинетов (5 школ) предметной направленности и дополнительных кабинетов , в процессе обновления 72 кабинета (3 школы - 2024 г.)

В рамках реализации проекта охвачены более 4220 учащихся

К обучающим мероприятиям привлечены 410 учителей-предметников

Сумма спонсорской помощи: 2 млрд тг.









# ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫП

## АЭС: «Келісіп пішкен тон келте болмас»

Рас, АЭС тақырыбы еліміздегі ең өзекті әрі халық арасында қызу талқыланатын тақырыптардың бірі. Қазақстанда атом электр стансасын салу жоспары қоғамда, әсіресе қауіпсіздік пен экологиялық мәселелерге қатысты үлкен наразылық тудырды. Сала мамандары қазіргі үшінші буындағы атом электр стансалары сенімді қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталғанын және оларды салқындату үшін су шығыны белгіленген нормалардан аспайтынын атап өтті.

***«УРАН САТУДАН БІРІНШІ ОРЫНДАМЫЗ, БІРАҚ ӨЗІМІЗДІҢ РЕАКТОРЫМЫЗ ЖОҚ»***

«Қазақстанның энергетикалық аспектілері» орталығының директоры Алмаз Әбілдаевтың айтуынша, елімізде атом электр стансасын салу керек.

«2045 жылға дейін атом электр стансалары жасыл энергия болып саналады. Біз барлық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жаңа 3+ реакторлар туралы айтып отырмыз. Уран сатудан біріншi орындамыз, бірақ өзіміздің реакторымыз жоқ. Бұл мәселені қандай да бір жолмен шешу қажет. Өз басым «атом электр стансасын салу керек» деп ойлаймын. Еліміздің энергетикалық балансында энергияның тағы бір түрі пайда болады», – дейді энергетика бойынша сарапшы Алмаз Сызғанбекұлы.

«Балқаш көлінің маңындағы стратегиялық нысанның құрылысы стансаның суды көп тұтынуына байланысты оның таязлануына әкеп соқтыруы мүмкін» деген де алаңдаушылық бар жұртшылықта. Бұл да кезекті миф екенін айтады мамандар.

Атом электр стансасын салқындату үшін су шығыны 63 миллион текше метрден аспайды. Бұл жөнінде Ядролық физика институты бас инженерінің орынбасары Данияр Жансейітов былай дейді: «Атом электр стансасы жұмыс істеген кезде 63-65 миллион текше метрге дейін су жұмсайды. Бұл ретте атом электр стансасы салқындату жүйесімен жабдықталған. Станса солтүстік және оңтүстік өңірлерді байланыстыратын үлкен электр желісінің трассасында орналасады. Нысан оңтүстіктегі электр қуатының тапшылығы мәселесін шешуге септігін тигізбек».

***ШЕТЕЛДІК САРАПШЫ НЕ ДЕЙДІ?***

2024 жылы бейбіт атомды қолдану әдеттегі әлемдік тәжірибеге айналды. Бүгінде әлемнің 30-дан астам елінде 440 ядролық реактор табысты жұмыс істеуде.

Жақында швейцариялық атом энергетикасы инженері Лука Тальяпьетра қазіргі заманғы атом электр стансалары жайында ой бөлісті. Оның айтуынша, қазіргі заманғы атом электр стансалары апаттар болған жағдайда радиацияның халыққа және қоршаған ортаға әсерін болдырмайтын ең қатаң қауіпсіздік шараларын ескере отырып жасалған. Сонымен қатар, пассивті қауіпсіздік жүйелерінің арқасында атом электр стансалары апаттардың алдын алады және операторлардың араласуынсыз стансаны қауіпсіз өшіруді қамтамасыз ете отырып, адам шығыны факторын болдырмайды.

Десе де, атом электр стансасының қауіпсіздік тақырыбы қоғамдағы ең көп пікірталас тудыратын тақырып екені рас. Чернобыль мен Фукусимадағы қайғылы оқиғалар әлі де азаматтардың жадында. Бірақ, бүгінгі таңда бейбіт атомды пайдалану – бұл жалпы әлемдік тәжірибе екені де белгілі.

«Мен түсінемін, кейде адамдар радиацияның шығуы немесе кездейсоқ таралып кетуіне алаңдайды. Сонымен қатар, атом электр стансаларында кедергілер мен экрандау бар, барлығы шығарылындылар стансаның ішінде қалатындай етіп жасалған, сондықтан халық үшін ешқандай проблема жоқ», – деп санайды Лука Тальяпьетра.

Көптің көкейінде жүрген тағы бір маңызды сұрақ: Атом электр стансасын сыртқы қауіптерден қалай қорғауға болады? АЭС-ті жобалау терроризм сияқты сыртқы қауіптерді де ескерген: бұл әлеуетті қауіптердің сырттан еніп кетпеуін қамтамасыз ету үшін «Барлық шаралар қабылданатын жоба бойынша қауіпсіздік» деп аталады. Бұл туралы Швейцариядан келген сарапшы да айтты. Өздеріңіз білетіндей, атом стансасының қызмет ету мерзімі 80-100 жылға дейін жетуі мүмкін.

«Атом энергетикасы көмірқышқыл газының шамалы мөлшерін шығарады, сондықтан экологиялық тұрғыдан ол өте қолайлы. Біз бүкіл ғаламшарды декарбонизациялауымыз керек және атом электр стансалары бұл үшін маңызды рөл атқара алады. Сонымен қатар, ресурстардың қауіпсіздігі өте маңызды. Бізде әрқашан мұнай мен газ, табиғи газ және атом энергиясымен, ондаған жылдар бойы қызмет ете алатын әрі электр стансасының жұмысын қамтамасыз ететін уранмен байланысты проблемалар болды», – дейді сарапшы.

Жаңартылатын энергияға келетін болсақ, 2025 жылға қарай біздің еліміздегі ЖЭК үлесі 6%-ға жетеді. Егер біз атом энергетикасын дамытатын болсақ, онда біз планетаның декарбонизациясына қатысты дәйекті болып, сонымен бірге өз еліміздi энергиямен қамтамасыз ету үшін жеткілікті энергияға ие бола аламыз.

***«АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ ТАЗА ӘРІ ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯ КӨЗІ»***

«Байтақ» партиясының төрағасы Азаматхан Әміртаев Қазақстандағы атом электр стансасының құрылысына қатысты пікірін білдірді.

«Біздің мақсатымыз – елімізді таза ауамен, таза жермен, таза сумен қамтамасыз ету. Бұл бағытта біздің партия белсенді түрде жұмыс істеп жатыр. Әрине, атом энергиясы таза әрі жасыл энергия көзі болып саналады», – деді партия жетекшісі.

Азаматхан Әміртаев 2023 жылы Дубайда климат бойынша ірі саммит өткенін, оған Қазақстан қатысқанын атап өтті. Еуропа, Америка Құрама Штаттары, Оңтүстік Корея, Жапония және басқа да экономикалық қуатты мемлекеттер сияқты дамыған елдер XXI ғасырда атом энергиясы энергияның негізгі көзі екенін біраушыздан мәлімдеді.

«Олар климатты сақтау және қоршаған ортаны қорғау тек атом электр стансаларының көмегімен мүмкін екенін айтады. Біз атом электр стансаларының энергиясы шынымен экологиялық таза екеніне көз жеткіздік», – деді Азаматхан Сайлауұлы.

***«СЕНІМДІ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ КӨЗДЕРІ ҚАЖЕТ»***

Тамыз айының соңында Астанада Қазақстанда атом электр стансасын салу мәселесі бойынша қоғамдық пікірталастар циклін жабатын жария талқылаулар аяқталды. Бұған дейін мұндай іс-шаралар еліміздің барлық өңірлерінде өткен болатын.

ҚР Энергетика министрлігі Атом энергетикасы және өнеркәсіп департаменті директорының орынбасары Гүлмира Мурсалова өз сөзінде Қазақстанда электр энергиясының 70%-ы көмір стансаларында өндірілетінін, олардың орташа тозуы 70%-дан асатынын атап өтті. Оның айтуынша, бұл стансалардың кейбірі келесі 10 жыл ішінде пайдаланудан шығарылуы керек. Бұл ретте елімізде электр энергиясын тұтынудың жыл сайынғы өсімі шамамен 3%. Ең қажетті сәттерде Қазақстан шекаралас елдерден электр энергиясын жоспарлы түрде сатып алады.

«Қазіргі уақытта көптеген ел АЭС салуда. Қытайда 26 реактор салынуда, Беларусь пен БАӘ алғашқы атом электр стансасын салды, Түркия өзінің атом электр стансасын салуда, ал көршіміз Өзбекстан шағын атом стансасының құрылысы туралы жариялады», – деп атап өтті Гүлмира Мурсалова.

«Қазақстандық атом электр стансалары» ЖШС Бас директоры Тимур Жантикин бүгінгі таңда Қазақстанның солтүстігінде электр энергиясының тапшылығы сезілмейтінін атап өтті. Алайда, оңтүстікте жағдай күрделірек, Солтүстік-Оңтүстік сызығы қазіргі уақытта 2100 мегаваттқа дейін өтеді, бұл оңтүстік аймақтарды қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз.



Тимур Жантикин бұған дейін 13 түрлі АЭС жобасы ұсынылғанын, оның төртеуі таңдалғанын атап өтті. «Қазақстандық атом электр стансалары» ЖШС басшысының айтуынша, атом электр стансасының құрылысы ел экономикасы мен өнеркәсіптің аралас салаларын дамыту үшін елеулі мультипликативтік әсер береді, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.

Қазақстанда АЭС салу үшін бір-бірін сәтті толықтыратын және өзара алмастыратын пассивті және белсенді қауіпсіздік жүйелері бар III және III+ буындарының барынша қауіпсіз реакторлары ұсынылады.

«ҚР Ұлттық ядролық орталығы» РМК бас директоры Эрлан Батырбековтың айтуынша, мамандандырылған физикалық кедергілер мен апатқа қарсы әрекет ету шараларының жиынтығы қазіргі заманғы АЭС-ті терең эшелондалған қорғауды қамтамасыз етеді. Бұл ретте қазіргі заманғы реакторлардағы пассивті салқындату жүйелері оператор тарапынан толық әрекетсіздік кезінде үш тәулік ішінде авариялық реактордан жылуды дербес бұруға қабілетті.

«Ядролық физика институты» РМК бас директоры Саябек Сахиев Ядролық физика институтында қазақстандық қысымды су реакторын зерттеу реакторы, сыни стенд (нөлдік қуаттылық реакторы) және зарядталған бөлшектердің алты үдеткіші кешенін қамтитын бірегей инфрақұрылым бар екенін хабарлады. Институттың 23 зертханасында ядролық және нейтрондық физика, қатты дененің радиациялық физикасы, радиоэкология және радиохимия саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізіледі. Институтта заманауи аналитикалық және сынақ жабдықтарымен жабдықталған үш ғылыми-техникалық орталық бар. Барлық орталықтар Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) қолдауымен құрылған. Бұған дейін ол атом электр стансасының толық жұмыс істеуі үшін 400 бейінді қызметкер қажет екенін атап өткен болатын.

Жаз бойы атом энергетикасының шенеуніктері мен мамандары облыс орталықтарына барып, маңызды мәселе бойынша қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырды. АЭС салу мәселелері бойынша барлық қоғамдық тыңдаулардың сценарийі бірдей. Талқылау Энергетика министрлігінің өкілі қазақстандық энергетика мәселелерінің мәні туралы айтып беруден басталады. Елдегі электр энергиясының 70%-ын көмір стансалары өндіреді. Олардың барлығы 40 жылдан астам уақыт бұрын салынған, ал кейбіреулерін жөндеуден гөрі оларды бұзу арзанырақ. Бірақ, оларды дұрыс жұмыс істеуін ескерсек те, Қазақстанға қазір көрші елдерден электр қуатын сатып алуға тура келеді. Бұл ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан қымбат әрі дұрыс емес. Сондықтан Қазақстанға кез келген жағдайда жаңа электр стансаларын салу қажет. Энергетиктер, ғалымдар және шенеуніктер біздің жағдайымыздағы ең жақсы нұсқа - АЭС екеніне сенімді. Содан кейін қазақстандық атом энергетикасының мамандары қазіргі заманғы АЭС жұмысының негізгі принциптерін түсіндіріп, олардың бірін Қазақстанда салу ұсынылды. Сарапшылардың пікірінше, атом электр стансалары жаһандық жылыну мен климаттың өзгеруінің негізгі себептері болатын көмірқышқыл газын, метанды және басқа парниктік газдарды шығармайды.

АЭС құрылысының құнына келетін болсақ, «Қазақстан атом электр стансалары» ЖШС директоры Тимур Жантикиннің айтуынша, жеңілдіксіз 8-ден 11,5 миллиард долларға дейін өзгеруі мүмкін. Ең бастысы, Қазақстанға сенімді электр энергиясын өндіру көздері қажет. Ал, халық АЭС-ке қарсы дауыс берсе, елде көмір зауыттарын салуға тура келеді. Бұл көмірдегі төлемдерінің өсуіне байланысты тұтынушыларға қымбатқа түседі.

***ОҢТҮСТІК КОРЕЯ ҮЛГІСІ ҮМІТТІ АҚТАЙ МА?***

Қазақстанның энергияға тапшы оңтүстігі – еліміздің ең үлкен проблемаларының бірі. Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстары трансшекаралық өзендерден келетін су электр стансаларына тәуелді. Өз кезегінде Өзбекстан мен Қырғызстанның өздері көршілеріне тәуелді екені де рас. Әрине, жаңартылатын энергия көздері бар, бірақ жел және күн стансалары өндіретін электр энергиясы өзінің көмір және газ «туыстарымен» әлі бәсекеге түсе алмайды. Шамасы, осы себептен Астанада атом электр стансасының құрылысы туралы әңгіме өрбіді. Қазақстандықтарға референдумда халық шешім қабылдайды деп уәде етілді.

Бүгінгі таңда атом электр стансаларын салуда бірнеше көшбасшылар бар: АҚШ, Қытай, Франция, Ресей және Оңтүстік Корея. Әрқайсысының өзіндік артықшылықтары бар. Оңтүстік Кореяның КЕРСО энергетикалық компаниясы өз технологиясын көрсету үшін қазақстандық журналистерді пресс-турға шақырды.

Қазақстандық журналистерге «Шин Кори» стансасы мысалында Оңтүстік Кореяның атом электр стансаларының жұмысы туралы айтылды. Ол елдің оңтүстік-шығысында, Жапон теңізінің жағасында, Пусан және Ульсан қалаларының жанында орналасқан. Мұнда 4 энергоблок жұмыс істеп тұр, тағы 2 энергоблок салынып жатыр. Смартфонмен түсіруге немесе дауыс жазғышпен жазуға тыйым салынады. Сондықтан барлық ақпарат ескі үлгіде, блокнотта жасалады. Салынып жатқан реакторлардың биіктігін 24 қабатты ғимаратпен салыстыруға болады. Олардың құрылысы үшін диаметрі жарты метрден асатын арматура қолданылады. Іргетас табиғи граниттен жасалған, содан кейін ол бетонмен толтырылады. Қалың қабырғалар мен сенімді іргетас 900 мың тонна соққыға төтеп беруге мүмкіндік береді.

Оңтүстік Кореяның атом электр стансалары қысымды су реакторларында жұмыс істейді. 2019 жылы пайдалануға берілген ең жаңа реакторлдың қуаты – 1,455 ГВт. Салыстыру үшін, Екібастұз ГРЭС-1-нің 8 энергоблогының нақты қуаты – 3,5 ГВт.

«Шин Кори» стансасындағы ядролық реакторлардың отын элементтері 18 айда бір рет ауыстырылып, реактор 7 күнге тоқтатылады. Қолданылған элементтер тікелей станса аумағында 100 пайыз борда сақталады, бұл ядролық реакцияны бәсеңдетеді. 20 жылдан кейін отын элементтері үлкен қоймаға тасымалданады.

Оңтүстік Кореяда ядролық технологиялардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінеді. Атом электр стансасының дәл жанында зауыт жұмысшыларының өздері тұратын елді мекендер бар. Мұнда көкөністер де өсіріледі. Жағалау бойымен 30 км елдегі екінші маңызды қала – жағажайлары мен зәулім ғимараттары бар Пусан. Оңтүстік кореялықтардың өздері технологияларымен мақтанады және қауіпсіздікті басты идея деп санайды. Сондықтан Біріккен Араб Әмірліктеріндегі Барака атом электр стансасының құрылысына дәл Оңтүстік Корея технологиясы қолданылды.

Ресми ақпаратқа сенсек, 1978 жылдан, яғни бірінші атом электр блогы іске қосылғаннан бері Оңтүстік Кореяда атом электр стансаларында апат болған жоқ.

Оңтүстік Кореяның барлық атом электр стансалары теңіз жағасында салынған. БАӘ-дегі Барака атом электр стансасы да Парсы шығанағының жағасында орналасқан. Өйткені, генераторды салқындату үшін секундына теңізден 50 мың тонна су алынады. Бұл судың барлығы цикл арқылы 5-7 градусқа дейін салқындатылып, қайтадан теңізге жіберіледі. Бірінші қазақстандық атом электр стансасын салу жағдайында Алматы облысынан Балқаш көлінің жағасы Үлкен ауылының маңындағы ықтимал алаң ретінде қарастырылады. Мұндай су айналымын Балқаш көтере ала ма? ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтың айтуынша, алаңдаушылық жоқ.

«Жыл сайын Балқашқа 12 миллиард текше метр су құйылады. Біздің есептеуіміз бойынша, АЭС жылына небәрі 65-70 миллион текше метр ғана пайдаланады. Яғни, бұл Балқаш үшін тікелей апатты қауіпті деп айта алмаймыз», – дейді Нұржан Молдиярұлы.

